

1 ДӘРІС. Орта Азия мен Қазақстандағы библиографияның пайда болуы

Қазақстан библиографиясының шығуы өткен ғасырлармен байланысты деп айта аламыз. Араб жазбалары мен түркі тілдес кітаптар шығыстың арасын зор жерінде шыққан және көшірілген.

Шығыстың ұлы ойшылы, ғалым Аль-Фарабидің ғылыми мұрасы шығыс және батыс елдерінің мәдениеті мен ғылымының дамуына көп әсер етті.

Түркітілдес халықтардың толық энциклопедиялық өмірі ретінде Махмуд Қашқаридің «Түркі тілдерінде түсіндірме сөздігі» атты еңбегін атауға болады. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты поэмасы оқырмандарға өте қызықты поэма ретінде ұсынылады.

Түркі тілдес қолжазба кітаптардың тақырыптары әртүрлі болады. Мысалы, олар мерзімді календарлар, энциклопедиялар, ақтілер, көшірмелер, география, астрономия т.б.

Академик В.В. Бартольд былай деп жазып кеті: «Орта ғасырдағы мұсылман ғалымдары арнайы араб терминологиясы бойынша өзінің ғылыми классификациясын құрастырды».

Түркітілдес қолжазба шығармаларымен тізімдер поэзия түрінде берілген. Қазақстанда XVIII ғасырға дейінгі және Қазақстанның жеке жерлері туралы мәліметтер араб жазбаларының түркітілдес әдебиеттерінде сол сияты шығыс Еуропалық шығыстану құжаттар әдебиеттерінде берілген.

XVIII ғасырдың басында Ресейде библиографиялық әдебиеттердің саны арта бастады. Бұл 1-ші Петрдің реформасынан кейін мемлекеттің экономикалық және қоғамдық дамуына байланысты.

XVII ғасырда қазақ даласына назар аударыла бастады. Осы кезеңде шыққан еңбектердің ең құндысы А. Левшиннің 3 томдық «Описание киргиз-кайсацких орд и степей» атты еңбегі. Бұл құжаттар қазақ халқының қоғамдық-экономикалық жағдайын көрсетті.

2 ДӘРІС. XIX ғасырдың II жарты жылдығы - XX ғасырдың басындағы Қазақстан библиографиясы

XIX ғасырдың II жартысында ғылым нақты материалдарды жинап үлгерді. Сол кездегі ірі библиографтардың бірі В.И Межов болды. 1868 жылдан бастап В.И.Межов Түркістан туралы материалдарды жинақтауды өзіне мақсат етіп қойды. «Түркістан туралы жинақта» физика, география, геология, өлке жайында ғана емес, оның тарихы, этнографиясы, өмірдегі тұрмыс жайында, қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен халықтарының тұрмыс жағдайы туралы материалдар жинақталған. Бұл жинақта 519 томға арналған жүйелік және алфавиттік көрсеткіштер жасалған.

«Түркістан жинағы» 2 бөлімнен тұрады:

- Жалпы Орта Азия
- Орта Азия

2-ші бөлімде мынандай бөлімшелер бар:

-Орта Азиядағы орыс

- Ресей мен Орта Азия

«Түркістан жинағында» әдебиеттердің көбісі көшпелі халықтарға арналған. Жинақтың «Этнография», «Қазақтың ауыз әдебиеті» бөлімдерінде әртүрлі салт-дәстүрлер, ойындар, өлеңдер т.б. туралы әдебиеттер берілген

Қазақстан библиографиясының дамуы менен дамыған патшалық Ресей халықтарының экономикасы мен мәдениетінің қайнар көзін ашқан Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі дәуір тарихымен тығыз байланысты.

XIX ғасырдың соңында қазақ елін, жерін патшалық Ресейдің толықтай билеп алуына байланысты Қазақстанның ірі қалаларында патша өкіметінің жергілікті әкімшілік орындарының жеке ресми органдары ретінде жергілікті ұлт тіліндегі алғашқы газеттер шыға бастады.

Осы басылымдардың ішінде алдымен аударма ретінде шығып, бірте-бірте дербес газет дәрежесіне дейін жетіп, қазақ тілінде шығарылған «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882) мен «Дала уалаятының газеті» (1888-1902) қазақ баспасөзі тарихынан алғашқы бет ашарлары деп есептеледі.

«Айқап» журналы 1911 жылдың қаңтарынан бастап 1915 жылдың қыркүйек айына дейін Троицк қаласында шығып, «Энергия» баспаханасында басылып тұрған. Қазақ тілінде, араб әріптерімен теріліп, басында айына бір рет, кейін айына екі рет шығып тұрды. Редакторы – Мұхамеджан Сералин болған.

Қазақ тілінде тұңғыш шығып тұрған «Айқап» журналының бетінде қазақ елінің саяси- әлеуметтік, мәдени шаруашылық жағдайларынан көптеген мақала, хабарлар жазылып тұрды. Журнал сол кездегі көкейкесті деген мәселелерге қолынан келгенше жауап беруге тырысты.

«Қазақ» газеті – 1907 жылы наурыз айында, Троицк қаласында шыққан. Бір саны шығып тоқтап қалған. Сосын бұл газет, 6 жылдан кейін қайта шығарыла бастады.

«Қазақ» - қоғамдық саяси және әдебиет газеті, 1913 жылы 2-ші ақпаннан бастап шығып тұрған. Тиражы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткені туралы деректер бар. Бірінші редакторы-белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері А.Байтұрсынов, екінші редакторы-белгілі қоғам қайраткері, жазушы М.Дулатов, бастырушы «Азамат» серіктігі Құсайнов-Кәрім баспаханасында басылып тұрған.

«Қазақ» газетінде, тарих, әдебиет, экономика жөніндегі мақалалармен қатар әлеуметтік-саяси тақырыпты да материалдар басылған

3 ДӘРІС. 20-шы жылдардағы библиография ісі

Қазақстанда өлкетану библиографиясының дамуы 1920 жылдан басталады. Алматыда өткен бірінші өлкелік съезгеқажетті, толғағы жеткен ғылыми мәселе ретінде ұлттық өлкетану библиографиясын дамыту туралы лайықты қарарлар қабылданды.

XX ғасырдың басында республикадағы мәдени құрылыстың бір бөлігінің бірі кітапхана ісі болды. Жергілікті жерлерде ұлттық баспалар жүйесі құрылып, баспа өнімдерін толықтырып, есепке алу, библиографиялау жұмысы жолға қойыла бастады.

1921 жылы қазақ-қырғыз білім комиссиясы ұйымдастырған бес бөлімнің бірі-библиография бөлімі болды. Осы комиссия шығарған «Сана» журналының басты міндетінің бірі- қазақ-қырғыз тілінде және қазақ-қырғыздар туралы бөтен тілде шыққан кітаптар жөнінде ақпарат және олар туралы пікір беріп тұру болды.

1926 жылдың 19 желтоқсанында БКП Қазақ өлкелік комитеті секретариаты республикада кітапханалар ісінің жағдайы туралы саяси ағарту басқармасының баяндамасын тыңдап, келешекте олардың жұмысын жақсарту бағытында нақтылы шараларды белгіледі.

Қазақ өлкелік комитеті шешімінде кітапхана желісі жетілдіру мақсатында облыс орталықтарында кітапханалар ұйымдастыру қажеттілігі көрсетіліп, кітап қорының сапасын, мазмұнын жақсартуға, ескірген, төмен идеялы кітаптарды анықтап, белгілеп отыратын арнаулы комиссия арқылы қажетсіз әдебиеттердің кеңінен насихатап, кітап көрмелерін ұйымдастыруын, түрлі кітапхана жұмыстарының әдістерін пайдалануын, қазақ журналдары мен газеттерін библиографиялық тізім жасауын да талап етті.

«Жаңа мектеп» журналының ұлттық библиографияның дамуында алатын орны ерекше деуге болады. 1926ж. Журналға қосымша ретінде бірінші рет Міржақып Дулатұлы құрастырған қазақ тілінде басылған. Бұл еңбектің кітапханашылар мен библиографтар үшін, ұлттық библиографияның проблемаларымен айналысып жүрген ғылыми қызметкерлер үшін пайдасы өте зор.

Бұдан кейін библиография жұмысының жалпы проблемалары ғана емес, оның жеке салаларының даму бағыты да жан-жақты зерттеле бастады.

Міржақып Дулатов-қазақтың тұңғыш библиографы

Міржақып Дулатов 1885 жылдың 25 қарашасында сол кездегі Торғай уезі, Айқара болысы, Сарықопа ауылының қарапайым малшы отбасында дүниеге келген. Ауылда балалардың сауатын ашып мұғалімдік қызмет атқарады.

1905 жылғы Москвадағы қарулы көтеріліс тұсында Оралда облыс съезі болып, «Қазақтың конституциялық-демократиялық партиясы» құрылғанда оның жұмысына белсене қатысқан М. Дулатов азаматтық пікірмен қолға түседі.

Оның 1907 жылы жарияланған «Біздің мақсатымыз» деген мақаласынан кейін Петербордың Ішкі Істер Министірінің баспасөз

басқармасының бас кеншісі Б.Д. Смирновтың іс қозғауымен газат жабылып, редакторы жауапқа тартылады. Сөйтіп орталық бұғауында қазақтың мұңын жоқтаған М.Дулатовтың күрескерлік бағыты басталады.

1914 жылы 19 мамырда Орынбор губернаторы жоғары баспасөз басқармасының берген бұйрығы бойынша М.Дулатов «Қазақ» газетінің екінші жауапты редакторлығына тағайындалды. «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі» газеттерінде әдеби хатшы қызметін атқарып қазақ баспасөзіне айтарлықтай үлес қосқан.

М.Дулатов көрсеткішінің 1-ші бөлімі төңкеріс жылынан бастап 1926 жылдың 1-ші қарашасына дейін жарық көрген 273 кітап пен мерзімдік баспасөз қамтылған. Көрсеткіш «Оқу кітаптары, құралдары», «Тәрбие-оқу әдістері», «Заң әдебиеті», «Қосымша кітаптар», «Білім әдебиеті» т.б. бөлімдерден тұрады.

Көрсеткіштің екінші бөліміне 1926 жылдың маусымына дейін Қызылорда, Ташкент, Мәскеу және басқа қалаларда қазақ тілінде шыққан 212 кітап кірген. Көрсеткіштің екінші бөліміндегі «Басқармадан» деген алғы сөздің тиражы екі мыңнан артық болса да ол кітаптың библиографиялық сирек басылымға айналып үлгергені айтылған.

М.Дулатов құрастырған көрсеткіштер XX-ғасырдағы қазақ библиографиясының тарихындағы елеулі еңбектер қатарында танылады.

Нығмет Сәбитов – тарихшы-библиограф

Н.Сәбитов бұрынғы Астрахан губерниясы, Қызылжар уезіне қарасты Володар ауданының Бакланов-Лопатино селосында 1895 жылдың 19-қаңтарында дүниеге келді. Ауыл молдасынан сауатын ашты.

1921-1922 жылы Бакланов-Лопатино болыстық халық ағарту бөлімінің бастығы, ауылдық кеңестің төрағасы (1923), Болыстық атқару комитетінің төрағасы (1924) қызметін атқарады. 1924-1930 жж. Аралығында Астраханда шығып тұрған «Кедей тілі» газетінің редакторы, өлкелік оқу бөлімінің инспекторы болып істеді.

1930-1931 жылы Саратовтағы екі жылдық комвуздың тіл-әдебиет факультетін, 1931-1935 жж. Москвадағы Шығыстану институтының қоғамдық-саяси факультетін оқып бітіреді.

Кезінде ғалымның еңбегі үкімет тарапынан ескеріліп 1945 жылы Қазақстан Жоғарғы кеңесінің Президиумы, ал 1952 жылы бұрынғы Одақ көлемінде «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталған.

Библиографиялық еңбектерінде XVIII-XX ғғ. Шығыс тілінде шыққан әдебиеттерді көптеп келтіреді. Сондықтан шығыстанушы санаулы мамандар қатарындағы оның білімдарлық деңгейі мейлінше жоғары болғанын мойындау керек.

Қашанда мәселені тереңдете зерттеу үшін сол салада жазылған еңбектерде түбірлей оқып танысу қажеттігі белгілі, шынайы зерттеушінің дені осыған бой ұрады. Міне, осыдан келіп арнайы библиографиялық құралдардың қажеттігі туындайды. Қазақ ғылымының ішінде библиографияның көбіне қалтарыс тұста қалып кенжелеу дамығаны белгілі.

«Аманкелді» библиографиялық көрсеткіші 1946 жылы қазақ, орыс тілінде бірге жарық көрді. Көрсеткіштегі 1926-1945 жылдары шыққан монография, очерк, өлең, әңгіме, естеліктер тақырып-тарауға жіателмей сыпыра алфавит ретімен тізбектеліп қажет кезінде түсінік берілген. Көрсеткішті құрастыру үшін Ғылым академиясы, Кітап палатасы, Ұлттық кітапхананың қоры пайдаланылған.

Көрсеткіштегі шығармалардың басым бөлігі Аманкелдінің қайтыс болғанына ширек ғасыр өткенін ескеру, Үрпек, Доғал, Күйік соғыс тарихына қатысты мәселелер мен көтеріліс туралы документтер, түсірілген кинофильм, қойылған пьеса, жаңа табылған деректер мен көтеріліске бастан аяқ араласқан үзеңгілестері ментуыстарының естелігін қамтиды.

Әбділхамит Қуанұлы Нарымбетов

Ә.Қ. Нарымбетов 1928 жылы қаңтар айында Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданында дүниеге келген. Арнайы кітапханалық-библиографиялық білім алмаса да, өз бетінше ізденіп оқып, зерттеп және тәжірибелі маман ғалымдардан кеңес алған Ә.Нарымбетов әдебиет саласы библиографиясының дамуына қомақты үлес қосты. Ол әдебиет саласы библиографиясының жасау және оны тереңдете дамыту, ұдайы оқырманға жеткізу мәселесін алғашқылардың бірі болып көтерді және өзінің ғылыми еңбегінің саласын толығымен соған арнады. Әдебиет саласында көпшілікке ұсынылатын библиография мен библиографияның мәнісін анықтай отырып, қамтылатын материалдардың құндылығына баса көңіл аудару қажеттігін дәлелдеді.

«Қазақ Совет әдебиеті жайындағы кейбір еңбектер мен мақалалар» библиографиясы Ә.Нарымбетовтың бұл саладағы жаңа қадамы болды. Библиографияның I-бөлімінде әдебиеттің жалпы мәселелері, II-бөлімінде монографиялық тараулардағы жеке ақын-жазушылар туралы, яғни Ж.Жабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ. Орманов шығармашылығы туралы әдебиеттер орыс, қазақ тілінде алфавит ретімен тізіліп берілді. Ал үшінші бөлімінде «Очеркте» шолу ретімен берілген ақын, жазушылар туралы еңбекпен мақалалар көрсетілген.

«Қазақ Совет әдебиеті тарихының очеркі» 1960 жылы толықтырылып, өңделіп Москвадағы Ғылым Академиясы баспасынан орыс тілінде жарық көрді. Осы кітапта Ә.Нарымбетов құрастырған «Қазақ әдебиеті жөніндегі еңбектердің қысқаша библиографиясы» жарияланды. Бұл ендігі жерде одақ көлеміндегі оқырмандар мен ғалым, мамандардың қазақ әдебиеті тарихымен жақын танысуына жол ашты. Осы екі кітапта жарияланған библиографиялық тізімде жеке авторлардың еңбектері жалпы тарауда, ал классиктер туралы әдебиеттер жеке топтастырылған.

Ғалым-библиограф Ә.Нарымбетов әдебиет библиографиясы саласындағы елеулі еңбектерінің бір саласы жеке тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына арналағн көрсеткіштер түзіп оның ғылыми редакциясын басқаруға бағытталған.

